

«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Хаттама №1

Ақтөбе қаласы

Өткізілген күні: 14.09.2023

Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар:

- 1.Тлесов Күмісбек Сейтенович – кеңес төрағасы
- 2.Тастыбаева Алия Донесовна – кеңес мүшесі
- 3.Азиев Есенбол Амангелдиевич – кеңес мүшесі
- 4.Калманова Жадыра Елубаевна – кеңес мүшесі
- 5.Утарова Айгуль – кеңес мүшесі
- 6.Балшикбаева Гүлнұр – кеңес мүшесі
- 7.Ерекешова Бақтыгул Қуанышқызы-кеңес мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ыстық тамақ пен қамтылуы.
2. «Мектепке жол» акциясының өту барысы. Мектептің шотына қайырымдылық көмектің жұмсалуды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педогог міндетін ақтарушы Мангибаева Бану Токтасыновна сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 10–қосымша негізінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша биылғы оқу жылында мектебімізде ыстық тамақпен 20 оқушы қамтамасыз етілді. Және де ол оқушылардың негізгі құрамы әлеуметтік жан басына шаққандағы табысы күн көріс деңгейінен төмен, мүмкіндігі шектеулі, мүгедек, қолайсыз отбасы, жетім, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды құрайтындығын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық, мониторингтік комиссия жұмыс жасайды, айына бір рет тексеріс жасайды және бір балаға арналған тамақтың құны-507 теңгені құрайды. Асханада мектеп мұғалімдері мен әкімшілік кезекшілік кестесі бекітіліп, сол бойынша кезекшілік жұмыс жасайды.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысының орынбасары Мангибаева Бану Токтасыновна сөзін жалғастырды: 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында мектептегі оқушылардың әлеуметтік төлқұжаты жасақталды. Мектепте барлығы 240 оқушы болса соның ішінде көп балалы отбасы 48 оқушы, толық емес отбасы 13 оқушы, сәтсіз отбасыда 48 оқушы, өгей әкесімен тұратындар 7 оқушы. Бұл мәлімет әрбір оқушының тұрмыстық материалдық жағдайын класс жетекшілерімен біріге отырып зерделеу актісін жүргізу кезінде алынды.


Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің хаты. Ақтөбе облысының білім басқармасының 20.07.2022 жылғы №232 бұйрығы және Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 22.07.2022 жылғы №241 бұйрығына сәйкес, 2022 жылы қала бойынша «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы жыл бойы жоспарлы түрде ұйымдастырылып өткізу көзделген.

«Мектепке жол» акция барысында мектеп ұжымы және ата-аналар қауымы, сонымен қатар жеке кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар акцияның өтіп жатқандығы туралы хабардар етіліп, хаттар жолданды. Мектеп әкімшілігі, класс жетекшілер және әлеуметтік педагог жағдайы төмен, тұрмысы нашар оқушылардың тізімі жасақтап акция барысында көмек көрсетуге ұсынды. Акция аясында мектептің ұстаздар қауымының демеушілігімен қаражат жинақталуда. Қалалық білім бөліміне 3 оқушыға демеушілік көрсету туралы сұраным жіберілді.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы. (жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.08.2022 № 544 қаулысы) негізінде атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 2 білім алушыға және атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 18 білім алушыға 40500 теңге көлемінде қаражат жеке есеп шоттарына аударылды. Мақсаты жоғарыда аталған категориядағы оқушыларға оқу-құралдарын және мектепке қажетті киім-кешек алуға жұмсауға бағытталған.

Шешімі:

1. Жоғарады көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз етуді қадағалау.
2. Арнайы категориядағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету акцияларына жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер көптеп тартылса .

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  К.С. Тлесов

Хатшы:



Шанық А.Р